

Тәрбие сағаты

Сынып: 7 Ә

Сынып жетекшісі: Сейітхан Б.Б

**«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»
1.09.2023ж**

Мақсаты: Оқушыларға бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту. Тәуелсіздік қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу, егемендігі, дамуы туралы мәлімет беру, тәуелсіздікке 30 жылда қалай жеткендігі жолдарын баяндау. Оқушыларды өз тәуелсіз елін сүйуге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, отаншылдыққа, елжандылыққа, Отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: Слайдтар , безендірілген тақта, Ұлы тұлғалардың портреттері, тәуелсіздік жетістігі туралы суреттері, гүл, шар, қоңырау.





Абайлаңыз балалар

8.09.2023ж

Сабақтың тақырыбы: Жолда жүру ережесін білеміз бе?

Сабақтың мақсаты: Жолда жүру ережесін дұрыс түсініп оны пайдалана білуге үйрету. Оқушыларды жауапкершілікке, сергектікке, жол ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу. Балаларға жол белгілерін қайталау арқылы, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: Интербелсенді тақта, бағдаршамның суреті, әр түрлі жол белгілерінің суреттері.

Ой толғаныс

Жол ережесіне байланысты жұмбақ, өлеңдер құрастыру.

Қорытынды

МАИ емтиханы. (Интербелсенді тақтамен жұмыс)

1. Жүргіншілер деген кім?

А) машина жүргізетін адамдар В) көшеде жаяу жүрген адамдар С) белгілер

2. Көлік жүріп келе жатқанда жолаушыға жүргізушімен сөйлесуге бола ма?

А) болады В) болмайды С) білмеймін

3. Жолаушылар таситын қоғамдық көлікті қай жерден күтіп, міну керек?

А) аялдамалардан В) кез-келген жерден С) дүкен алдарынан

4. Қала көшелерінде жаяу адамдар қандай жолмен жүруге тиіс

А) кез-келген жолмен В) тротуармен С) автомобиль жолдарымен

5. Қала көшелерінде велосипедпен жүруге неше жастан бастап рұқсат етіледі?

А) 10 В) 12 С) 14

6. Дөңгелек шеңбер түрінде қызыл түспен белгіленген белгілер қандай ұғымды білдіреді?
А) ескерту белгілері В) көрсеткіш белгілер С) тыйым белгілері





Тәрбие сағаты: «Діни экстремизм»

15.09.2023ж

Мақсаты: Діни-саяси экстремизм - діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда - терроризм (лаңкестік). Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Міне осындай қауіпті жағдайға айналған әрекеттерді оқушылардың іске асырып жаман әдеттерге елігіп кетуіне қарсы тұруды үйрету


Қолданылатын құрал-жабдықтардың тізімі: тақта, плакаттар, проектор

Көрнекіліктері: презентация

Барысы:

Оқушылардың әсерін сұрау.

2. Дінге деген жастардың көзқарасы қандай?
3. Әлемдік діндерден секталардың айырмашылығы қандай?
4. Қазіргі заманда қоғамға қалай ықпал етуде?
5. Діни экстремизм деген не, оны қалай түсінеміз?



Сынып сағаты: Кітап білім бұлағы

22.09.2023ж

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу

Көрнекілігі: Кітап көрмесі. Дана адамдардың кітап жөнінде айтқан сөздері. «Кітап – жаз азығы», «Кітап - өмір ұстазы. Сондықтан жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай, өмірді білу, білім алу мүмкін емес». Серке Қожамқұлов.
«Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» Абай Құнанбаев.

Ой қозғау:

1-топ: - Мектепке балалар не үшін келеді?

2-топ: - Оқу, білімді алу үшін оқушыға не керек? (Кітап)

3-топ: Кітаптың пайдасы туралы қысқаша әңгімелеп беріңдер.

Мұғалім:

Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кітап елді сүюге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында қолданады. Одан ақыл – кеңес, тәлім – тәрбие, үлгі - өнеге алады. Кітап – біздің рухани жан азығымыз.


«Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім» деп тегін айтылмаған ғой. «Өнерлі болуға тәрбиелеп, талай ғажайып істердің құпиясын ашуға көмектесетін ақылдың кені кітапқа арналады. Кітап – ғылым, ол бүкіл адам баласына ортақ. Кітап – ғылым, білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап – ақылдың кені.

Кітапта алма ағашы,

Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы

Кітабыңның әр бетін,-деп Музафар Әлімбаев атамыз жырлағандай әдеби кітаптар мен оқулықтар – сендерге білім көзі, рухани қазына. Дана халқымыз «Батыр бірді жығады, білім мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек.





Сабақтың тақырыбы : Ұстазым менің , ұстазым !

29.09.2023ж

Сабақтың мақсаты:

а) Оқушыларға ұстаз—екінші ана екендігін түсіндіру . Мерекелерімен құттықтау.

ә)Танымдық қабілетін арттыру. Мұғаліммен оқушы арасындағы байланысты нығайту.
б)Айналасына білім , тәрбие ұрығын шашып , адамгершілік нұрын төгетін ұлы тұлға ұстазға құрмет көрсету , лебіз білдіру , адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі:Әдеби-музыкалық бағдарлама. Әдіс-тәсілі:Өлеңдер оқу,ән шырқау.
Көрнекілігі :Ұстаздар туралы жазылған нақыл сөздер , өлеңдер , гүл шоғырлары шарлар.
Сабақ барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі.

2.ҚР мемлекеттік Әнұраны.

Сәлеметсіздер ме,құрметті ұлағатты ұстаздар! Сіздерді дәстүрлі ұстаздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.Баршаңыз-дың отбасыңызға амандық ,бақ-береке ,еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілейміз.

АКТ мен жұмыс Ұстаз!Осы бір сөздің өзінде қаншама мән-мағына ,қасиетті ұғым жатыр.Ұстаз алдынан өтпейтін ешкім жоқ. «Жақсы мұғалім—мектептің жүрегі»-- деген Ы.Алтынсарин атамыз.Жүрексіз өмір болмаса ,мұғалімсіз білімнің,тәрбиенің іске аспайтыны белгілі.Небір данышпан адамдар,қарапайым еңбеккерлер,тіпті арман қуған жеткіншектер де бәрі бір адамға қарыздар.Ол-ұстаз!Ұстазсыз өмірдіңнақты тұтқасын ұстау мүмкін емес.Адамды тәрбиелеп,оны азамат етудің өзі бір үлкен күш,сондықтанда ұстаздың еңбегі -- ұлы еңбек.Сонымен «Ұстаз--ұлы тұлға!» атты тәрбие сағатымызды ашық деп кезекті оқушыларға беремін. Қанатты сөздер

Әдетте оқушының бойына білім-білік дағдыларын дарытып,зердесіне ғылым негіздерін тоқитын,алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрететін—ұстаз.



Тақырыбы: «Сыбайластыққа, жемқорлыққа жол жоқ!»

6.10.2023ж

Мақсаты: Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Тақырыптық слайд, бейнебаян.

Түрі: Дөңгелек үстел

Дөңгелек үстелдің барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Әңгіме сұхбат

Барысы:

Жоспары:

I.Баяндама.

А. «Сыбайлас жемқорлық» - деген не?

Б. Жемқорлықтың пайда болуымен күресу.

В. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңнамалары

С. Қазақстандағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» шаралары мен әдістері

II. Бейнеролик көрсету

III. Жағдаяттарды шешу

IV. Қорытынды

«**Сыбайлас жемқорлық**» - деген түсінік мағынасына этимологиялық тұрғысында қарау, мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согуптіо» деген латын сөзін алып, анықтауға, пара сатып алу» - деген түсінік бергенде, құқыққа қарсы іс – әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас – жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады.

Қоғамдағы лауазымдық өкілеттілікті асыра пайдалануды, билік етуді немесе лауазымдық өкілеттілікті арттыру, қызметтік жалғандық, сеніп тапсырылған мүліктерді ұрлау және иелену, біле тұра өтірік айғақ көрсетуді, куәларды, жәбірленушілерді немесе сарапшыларды сатып алу, сот шешімдерін, үкімдерін және басқаларды лауазымдық тұлғалардың орындамауы, сыбайласқан байланыстарды қолдау жиі кездесетінін көрсетіп отыр.

Қарапайым түсінік бойынша бәрінен бұрын сыбайлас жемқорлықты **мемлекеттік қызметпен** байланыстырады. Бар беталысқа қарамастан және басқа салада – үкімет билігі және жеке кәсіпкерлердің әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы таратуда – мемлекеттік лауазымдық тұлғалар арасында сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған заң аса егжей – тегжейлі әзірленген. Шынында да мемлекеттік қызметшілер анағұрлым ауқымды дискрециялық өкілеттілікті иелене және көбінде бақылаусыз әрекет ете отырып, өз мүдделерінде және мемлекеттік мүддесіне қарамастан лауазымдық мансаптығын қолданудың барлық мүмкіндігін иелене алады.



Сабақтың тақырыбы: "Киелі жер"
13.10.2023ж

Сабақтың мақсаты:

1.Білімділік: Оқушыларға Қазақстанның киелі жерлерімен таныстыру, тарихымен таныстыру.Отанын сүюге, бірлікке, ел тарихын білуге, еліміздің қасиетті жерлерін

қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу.

2. Дамытушылық: Оқушының сөйлеу тілін дамыту арқылы сөздік қорларын молайту, ой-өрісін кеңейту.

3. Тәрбиелілік: Жас ұрпақтың патриоттық сезімін жандандыра түсіп, елін, жерін сүйіп, құрметтеуге жетелеу

Ұлы Дала киелі жерлерге толы. Ол жерлерді қадірлеп-қастерлеу — ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміз. Киелі атаулының тамырына балта шабуға барын салған кеңес өкіметі кезінде де қазақтың ақыны:

«Ал менің әлі сапарым қанша алдымда, Күш құяр жанға жолымда сәуле — бар ма, шам? Әлі де біраз жолым болмайтын секілді-ау, Оғыланды тауда бір түнеп қуат алмасам», — деп жырлады (Ф. Оңғарсынова, «Оғыланды».)

Енді балалар тақырыпқа байланысты ойымызды ортаға салайық. Қазір алдыларыңа А4 парақшасын таратамын, қасиетті жерлерді сызба түрінде топпен жазып шығындар.

IV. Мәтінмен жұмыс (мәтінді оқып беру, балалардан мағынасын сұрау)

Қазақстан Республикасы – Еуразияның дәл ортаңғы бөлігінде орналасқан ел. Қазақстан жері кең байтақ. Оның өте әдемі жерлері көп. Олар - Көкшетау, Алатау бөктерлері, Шарын шатқалы және Балқаш көлі. Бұл жерлер - қазақ халқының мақтанышы. Шет елден келген қонақтарға осы жерлерді көрсетеді. Көрікті жерлерде көк аспанмен таласқан әсем таулар, тап – таза бұлақтар мен өзендер, ну ормандар, сан алуан өсімдіктер бар. Қазіргі кезде барша қазақстандықтардың алдында тұрған күрделі мәселелердің бірі - табиғат ананы қорғау, оның байлығын ұқыпты пайдаланып, кейінгі ұрпаққа қалдыру.

Қорытынды. Байтақ дала жерім менің Арта берсін даңқың сенің Көк байрағың желбіресін



Тәрбие сағаттың тақырыбы: «Отбасым – баға жетпес байлығым».

20.10.2023ж

Мақсаты:

- Оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.
- Оқушылардың естес ақтау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.
- Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу.

Сабақ түрі: сынып сағаты

Әдісі: әңгімелеу, сұрақ-жауап .

Көрнекі құралдар: отбасы туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Отбасы-мемлекеттің негізгі буыны.

Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалы мен қалыптасады. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Отбасының екі тірегі- әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу-біздің борышымыз. Бүгін біз «Отбасым - бақыт мекенім» тақырыбындағы тәрбие сағатымызда Бала тәрбиесі, оның жан-жақты дамуы бағытында өз ойымызды ортаға салмақпыз.

Отбасы-адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен еразаматқа жүктеледі. Баланы өсіріп тәрбиелеу – әйел ананың тікелей міндеті.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.



Тақырыбы: «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» сынып сағаты

27.10.2023ж

Мақсаты: Отбасындағы әке мен ер азаматтың ролінің мәнін ұғындыру, әрбір тұлғаны тәрбиелеу туралы ой - пікірлермен бөлісу.

Әдісі: ой қозғау, пікірталас

Барысы:

I.Кіріспе бөлім Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер

Әке - асқар тауың» - дей отырып, сіздерге арналған: «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» атты сынып сағатымыз ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез – құлқы, өзгелермен қарым – қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл – береке, ынтымағы үшін отағасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Оның тәрбиелік рөлі де зор. «Әке – асқар тау», «Әке – балаға сыншы» дейді халқымыз.

Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Қазақ халқында «Бір бала бар – атадан өте туады, бір бала бар – кері кете туады» деген тұжырымға, баланың қандай болмағына негіз қалайтын да әкенің өзі дей отырып, көрініске назар аударайық.

